



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІНЕ

ЕСЕП

“Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз
агенттігі” КЕМ қызметі туралы 2020
жылдың қорытынды есебі

БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІНЕ

ЕСЕП

**“Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі” КЕМ қызметі
туралы 2020 жылдың қорытынды есебі**

Нұр-Сұлтан, 2020 ж.

Белгілеулер мен қысқартулар тізімі

ABET - Инженерия және технологиялар жөніндегі аккредиттеу кеңесі

ACBSP - Бизнес мектептері мен бағдарламаларды аккредиттеу кеңесі

ACQUIN - Аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету институты

APQN - Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Азиялық-Тынық мұхиттық желі

AQAAlW - Ислам әлемі елдерінің білім сапасына кепілдік беретін агенттіктер қауымдастығы

ASIIN - Инженерия, информатика, жаратылыстану ғылымдары және математика саласындағы білім беру бағдарламаларын аккредиттеу агенттігі

CEENQA - Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің желісі

CIQG - АҚШ-тағы жоғары білімді аккредиттеу жөніндегі кеңестің халықаралық сапа тобы

ENQA - The European Association for Quality Assurance in Higher Education

EQAR - Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі еуропалық тізілім

ESG - Еуропалық жоғары білім кеңістігіндегі сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулары

INQAANE - Жоғары білімде сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің халықаралық желісі

IREG - Академиялық ранжирлеу және үздіктік жөніндегі халықаралық обсерватория

PhD - философия докторларын даярлау бағдарламасы

MA - магистратура бағдарламасы

QA - Quality Assurance

SAR - the Self-Assessment Report
АК - Аккредиттеу кеңесі
БА - Бакалавриат
ІСКЖ - сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі
ЖОО - жоғары оқу орны
ДМББФ - Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясы
ВЭК - Сыртқы сараптама комиссиясы
МҒДМБ - Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы
ЕЖДББК - Еуропалық жоғары білім беру кеңістігі
ҚР - Қырғыз Республикасы
ИА - институционалдық аккредиттеу
ҚР БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ҚР БҒМ - Қырғыз Республикасы Білім және ғылым министрлігі
IAAR - Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі / Independent Agency for Accreditation and Rating
ҒЗИ - ғылыми-зерттеу институты
ҰКП - ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
БСҚҰЖ - білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі
БО - білім беру ұйымы
БББ - білім беру бағдарламасы
НБББ - негізгі білім беру бағдарламасы
ОП - профессорлық-оқытушылық құрам (ПОҚ)
ҚР - Қазақстан Республикасы
МА - мамандандырылған аккредиттеу
БМА – бастапқы мамандандырылған аккредиттеу
БАҚ - бұқаралық ақпарат құралдары
ТжКБ - техникалық және кәсіптік білім
ФМБМ - Федералдық мемлекеттік бюджеттік мекеме
СК - Сараптамалық кеңес

КІРІСПЕ

«Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі» коммерциялық емес мекемесі (бұдан әрі - IAAR) - ұлттық және халықаралық деңгейде білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жұмыс жасайтын білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық аккредиттеу агенттігі.

IAAR-дың стратегиялық даму мақсаттары білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті, танылған Агенттік мәртебесін нығайтуға бағытталған.

IAAR - білім сапасын қамтамасыз ету және аккредиттеу жөніндегі еуропалық, азиялық және американдық желілер мен агенттіктердің толық мүшесі. IAAR танылған және жоғары білімде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық тізіліммен (EQAR), Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясымен (WFME) бірге 2020 жылдан бастап білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Азиялық-Тынық мұхиттық тізіліміне (APQR) кіреді. Халықаралық еуропалық желілерге толық мүше болу арқасында IAAR аккредиттеген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламалары халықаралық аккредиттеу мәртебесін алады. IAAR өз қызметін ESG және WFME стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.

IAAR-дың 2020 жылдағы қызметі Орталық Азия елдері мен Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі білім саласындағы бағдарламалық құжаттар мен заңнаманың, сапаны қамтамасыз ету саласындағы халықаралық құжаттардың белгілеген мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ 2019-2023 жылдарға арналған IAAR даму стратегиясы негізінде жүзеге асырылды. 2020 жылдың ақпанында ҚР білім туралы заңнамасындағы өзгерістерге, 2020–2025 жылдарға арналған Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік

бағдарламасының қабылдануына, халықаралық және ұлттық қаржы-экономикалық тұрақтылыққа жаңа қауіптер мен сын-тегеуріндерді ескере отырып, пандемия мәртебесін алған COVID-19 вирустық инфекциясының таралуына байланысты, сондай-ақ ESG2015 сыртқы сапа бағалаудың еуропалық стандарттары мен нұсқауларына және ENQA, EQAR мен WFME реттеуші құжаттарына сәйкес «2019–2023 жылдарға арналған IAAR даму стратегиясына» өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

IAAR жоғары бәсекеге қабілеттілікті көрсете отырып, Еуропалық және Орталық Азия өңірінде білімдік қызметті тәуелсіз, объективті және кәсіби бағалауды дәйекті жүргізеді. IAAR жасалған Келісімдер мен осы мемлекеттердің тиісті органдарының IAAR-ды тануы негізінде Қазақстан Республикасында, Ресей Федерациясында, Қырғыз Республикасында, Тәжікстан Республикасында, Молдова Республикасында, Украинада, Румынияда халықаралық институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу жүргізеді.

IAAR 2014 жылдан бастап Қазақстан Республикасында, 2018 жылдан бастап Қырғыз Республикасында рейтингтік зерттеулер жүргізеді, ал 2020 жылдан бастап «IAAR Eurasian University Ranking (IAAR EUR)» халықаралық рейтингін өткізеді.

IAAR сапаны қамтамасыз етудің үздік әлемдік тәжірибесін қолдана отырып, болашақ мамандықтарды ескере отырып және білім жүйелерін дамытудың маңызды ұлттық және халықаралық трендтеріне сәйкес Еуропа мен Азия мемлекеттерінің білім беру ұйымдарының білімдік және ғылыми қызметінің тиімділігі мен сапасын арттыруға жәрдемдеседі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының COVID-19 коронавирусын пандемия деп жариялауына және карантиндік шараларды енгізуге байланысты IAAR Қазақстан Республикасының

аумағында, сондай-ақ одан тыс жерлерде «Аккредиттеу рәсімін жүргізу және карантиндік шаралар қолданылатын кезеңде білім беру ұйымының аккредиттеу мәртебесі туралы Ереже» әзірледі. Бұл ретте IAAR ENQA-ның білім беру ұйымдарының аккредиттеуін онлайн-процестерге ауысу мен аккредиттеу мерзімін ауыстырудың икемділігі мен жол берілгендігін танытуға берген ұсынымдарын (2020 жылғы 5 мамырдағы ENQA Мәлімдемесі) ескерді.

Заманның жаңа сын-тегеуріндеріне жауап бере отырып, IAAR ағымдағы және болашақтағы қызметіне түзетулер енгізеді, білімдік қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тиімді механизмі ретінде аккредиттеу рәсімдерін жетілдіреді; білім беру ұйымдарын оқушылардың жан-жақты мүдделері мен қабілеттерін қанағаттандыруға, халықаралық тәжірибені, заманауи білімдік және цифрлық технологияларды кеңінен пайдалануға, қашықтықтан оқыту жағдайларын қоса алғанда, ұсынылатын қызметтер сапасына жауапкершілікті арттыруға бағдарлайды.

1. Ұлттық және халықаралық білім кеңістігіндегі білім сапасын қамтамасыз ету жүйесін дамытудағы IAAR

IAAR-дың негізгі қызметі ұлттық және халықаралық деңгейде тәуелсіз аккредиттеу жүргізу, сапа мәдениетін ілгерілету негізінде білім сапасын арттыруға және білімдік қызметтердің бәсекеге қабілеттілігіне жәрдемдесуге бағытталған сыртқы бағалаумен байланысты.

1.1 Аккредиттеу қызметтерінің ұлттық және халықаралық нарығындағы IAAR позицияларын күшейту

2020 жылы IAAR-дың қызметі Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің білім жүйелерін дамытудағы халықаралық және ұлттық басымдықтармен, халықаралық тәжірибемен және 2019-2023 жылдарға арналған IAAR даму стратегиясының негізгі индикаторларын іске асырумен айқындалған мақсаттар мен міндеттер негізінде жүзеге асырылды.

Сыртқы бағалаудың мақсаты сыртқы стейкхолдерлердің қатысуымен әзірленген және IAAR алқалы органдарымен келісілген «2019-2023 жылдарға арналған IAAR даму стратегиясымен» айқындалған миссиямен, пайыммен, стратегиялық мақсаттармен келісілген. Сыртқы бағалаудың негізгі қағидаттары IAAR сапаны қамтамасыз ету саласындағы Саясатта сипатталған ашықтық пен жүйелілік болып белгіленген.

IAAR аккредиттеудің мынадай түрлері бойынша сыртқы бағалау жүргізеді: орта білімнің, техникалық және кәсіптік білімнің (ТЖКБ), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің (ЖжЖООБ), медициналық білімнің және қосымша білімнің (ҚБ) ұйымдарын институционалдық аккредиттеу; ЖжЖООБ, медициналық білімнің БО

бастапқы аккредиттеуі; ТжКБ, ЖжЖООБ және медициналық білімнің мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуі; ЖжЖООБ, медициналық білімнің БББ-нің бастапқы мамандандырылған (бастапқы бағдарламалық) аккредиттеуі; ЖжЖООБ БББ-нің бірлескен аккредиттеуі. Сыртқы сапаны қамтамасыз ету рәсімдерін реттейтін IAAR нормативтік құжаттары IAAR сайтында жарияланған.

IAAR стандарттары мен құжаттарын әзірлеу және жетілдіру.

IAAR стандарттары ESG және WFME стандарттарына толық сәйкес келеді және мүдделі тараптардың қатысуымен әзірленеді. IAAR ENQA ұсынымдарын басшылыққа ала отырып, «IAAR стандарттарын әзірлеу және жетілдіру жөніндегі нұсқаулыққа» (IAAR директорының 2015 жылғы «02» қыркүйектегі №19-15-01 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген) сәйкес аккредиттеу стандарттарын қайта қарау және жетілдіру рәсімдерін жүйелеп, жолға қойды.

2020 жылы IAAR қызметін қамтамасыз ету үшін агенттіктің нормативтік-әдістемелік құжаттамасын жетілдіру, 2020–2025 жылдарға арналған МҒДМБ міндеттерін, ЖжЖООБ ұйымдарының білімдік қызметін реттейтін ҚР жаңа нормативтік актілерін, сондай-ақ «2019–2023 жылдарға арналған IAAR даму стратегиясындағы» өзгерістерді ескере отырып, жоғары оқу орындарының институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша үлкен жұмыс атқарылды. IAAR ESG (2015) стандарттары мен нұсқаулықтарына сәйкес 2015 жылы бекітілген және 2017 жылы қайта қаралған институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарын жаңартты және

2020 жылдың 16 маусымынан бастап жаңа редакцияда енгізді: Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру ұйымын институционалдық аккредиттеу стандарттары (Қазақстан Республикасы) және Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан

кейінгі білімнің білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттеу стандарттары (Қазақстан Республикасы) (IAAR Бас директорының 2020 жылғы 16 маусымдағы №57-20-ОД бұйрығымен бекітілген).

Жаңа редакциядағы Стандарттарға сәйкес Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру ұйымын (Қазақстан Республикасы) институционалдық аккредиттеу үшін өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі Нұсқаулық және Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасын (Қазақстан Республикасы) мамандандырылған аккредиттеу үшін өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі Нұсқаулық бекітілді (IAAR Бас директорының 2020 жылғы 16 маусымдағы №57-20-ОД бұйрығымен бекітілген).

Стандарттар мен Нұсқаулықтар студентке бағытталған оқытуды күшейту, жоғары оқу орындары мен оқушылардың академиялық бостандығын кеңейту, білім сапасын бағалауда икемді тәсілдерді қолдану, оқу процесіне қашықтықтан оқыту технологияларын қоса алғанда үздік тәжірибелерді кеңінен енгізу бағытында жетілдірілді.

ДДҰ-ның COVID-19 коронавирусын пандемия деп жариялауына және 2020 жылдың 15 наурызынан бастап ҚР-да төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 наурыздағы «Білім беру ұйымдарында, жетімдерге арналған ұйымдарда және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда пандемия кезеңінде коронавирустық COVID-19 инфекциясының таралуын болдырмау шаралары туралы» №108 бұйрығын басшылыққа ала отырып, ENQA-ның білім беру ұйымдарының аккредиттеуін онлайн-процестерге ауысу мен аккредиттеу мерзімдерін ауыстырудың икемділігі мен жол берілгендігі туралы ұсынымдарын (2020 жылғы 5 мамырдағы ENQA Мәлімдемесі) ескере отырып, IAAR COVID-19 пандемиясы кезеңінде «Тәуелсіз

аккредиттеу және рейтинг агенттігінің» аккредиттеу рәсімін және білім беру ұйымының аккредиттеу мәртебесін реттеу жөніндегі Ережені (НУ «Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі» Бас директорының 2020 жылғы «11» мамырдағы № 56-20-ОД бұйрығымен бекітілген) және COVID-19 пандемиясымен байланысты шектеу шаралары кезеңінде сыртқы сараптама комиссиясының (сондай-ақ аккредиттеуден кейінгі мониторинг бойынша сарапшылар тобының визитін қоса алғанда) он-лайн визитін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықты (НУ «Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі» Бас директорының 2020 жылғы 01 шілдедегі №58-20-ОД бұйрығымен бекітілген) әзірледі және қолданысқа енгізді. Бұл құжаттар ҚР аумағында және шетелде карантиндік шаралар кезеңінде БО-ның аккредиттеу рәсімдері мен аккредиттеу мәртебесін реттеуге, оның ішінде мамандандырылған және (бастапқы мамандандырылған) аккредиттеу шеңберінде ССК-нің білім беру ұйымына визиті бойынша он-лайн режимде екіден артық емес сарапшының қатысуын көздеуге; ВЭК құрамындағы студенттер мен жұмыс берушілердің санын шектеуге және т.б. мүмкіндік берді.

Халықаралық аккредиттеу.

2020 жылы Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Тәжікстан Республикасы жоғары оқу орындарының институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуі жүзеге асырылды. 2020 жылы IAAR қызметінің шекаралары кеңейді: алғаш рет Румыния мен Украина жоғары оқу орындары аккредиттелді. 2020 жыл ішінде Қазақстан Республикасының 19 БО, 4 шетелдік жоғары оқу орны (Қырғыз Республикасы, Румыния, Украина) халықаралық институционалдық аккредиттеуден өтті; Қазақстандағы әртүрлі оқу деңгейлерінің 587 БББ және шетелдік жоғары оқу орындарының 30

БББ (Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы) халықаралық мамандандырылған аккредиттеуден өтті.

Қазақстан Республикасындағы халықаралық аккредиттеу.

IAAR аккредиттеуі Қазақстанда стейкхолдерлердің белсенді қатысуымен тиісті Стандарттар мен Нұсқаулықтар негізінде жүргізіледі. Қазақстандағы аккредиттеу рәсімі мен әдіснамасымен толығырақ IAAR сайтында www.iaar.agency «Аккредиттеу» бөлімінен танысуға болады.

2020 жылға IAAR-мен шарт жасасқан университеттер халықаралық институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу рәсімінен өтуге толық дайын екенін ескере отырып, елдегі және әлемдегі қалыптасқан жағдайға, ССК IAAR визитін өткізу үшін жоғары оқу орнына шыға алмаушылыққа байланысты, сондай-ақ институционалдық аккредиттеу нәтижелері бойынша мемлекеттік тапсырысты бөлу жөніндегі уәкілетті органның (ҚР БҒМ) ұсынымын ескере отырып (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығы), IAAR аккредиттеудің барлық рәсімдерін кейін орындай отырып, 234 аккредиттеу куәлігін берді.

Институционалдық аккредиттеу.

Білім беру ұйымдары сапасын бағалау жоғары, кәсіптік-техникалық, жоғары және дипломнан кейінгі медициналық білім берудің, медициналық колледждердің, ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің халықаралық бағдарламаларын іске асыратын мектептердің институционалдық аккредиттеу стандарттары мен нұсқаулықтары негізінде жүзеге асырылды. Жалпы 2020 жыл ішінде IAAR 19 білім беру ұйымы, оның ішінде 8 ЖОО, 11 ТЖКБ ұйымы (медициналық колледждерді қоса алғанда) институционалдық аккредиттеуден өтті.

БОУ-ның басым көпшілігі IAAR институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін толық көрсетіп, 5 жылға аккредиттелді.

2020 жылы қашықтықтан оқыту форматына көшуге байланысты жоғары білім беру ұйымдарының ерекше назарында электрондық оқытуды ұйымдастыру, цифрлық және қашықтықтан оқыту технологияларын әзірлеу және енгізу, электрондық білімдік ресурстар мүмкіндіктерін кеңейту және ЖОО-ларды цифрландыру мәселелері болды. Институционалдық аккредиттеу шеңберінде ЖОО-ларға берілген ұсынымдар арасында ең жиі кездесетіндері: тәуекелдерді басқарудың жүйелі талдауын жүргізу және оның нәтижелерін стратегиялық даму жоспарларын қалыптастыру кезінде ескеру; оқушыларды ЖОО қаржыландыратын инновациялық және кәсіпкерлік қызметке кеңінен тарту; ПОҚ-тың ғылыми-зерттеу қызметін белсендіру және т.б. болды.

ҚР-дағы мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу.

БББ сапасын бағалау жоғары, кәсіптік-техникалық, базалық медициналық және дипломнан кейінгі медициналық білімнің, медициналық колледждердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің халықаралық бағдарламаларын іске асыратын мектептердің мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттары мен нұсқаулықтары негізінде жүзеге асырылды. 2020 жылы мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу шеңберінде жалпы 587 БББ аккредиттелді, оның ішінде 458 азаматтық жоғары оқу орындарының БББ және 23 медициналық ЖОО-ның БББ, 106 ТжКБ БББ, оның ішінде медициналық колледждер. Covid-19-ға байланысты 234 БББ-ға шартты аккредиттеу берілді.

2020 жылы аккредиттелген БББ-ны дамытудағы оң үрдістер: жұмыс берушілердің, ПОҚ-тың, оқушылардың және болашақ жұмыс берушілердің ұсынымдарын ескере отырып БББ-ны жыл сайын жаңарту; оқу тілінен тәуелсіз оқушылар үшін тең мүмкіндіктерді

қамтамасыз ету; өңірлік жоғары оқу орындарының БББ даму жоспарларының өңірлік бағытталуы. Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу шеңберінде ЖОО-ларға берілген ұсынымдар арасында ең жиі кездесетіндері: оқушыларға оқытудың балама траекторияларын таңдау мүмкіндігін ұсыну; оқушыларды кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндіктерін іздестіру, болашақта қос дипломды білімді іске асыру үшін халықаралық байланыстарды нығайту және т.б. Қашықтықтан оқыту шеңберінде оқу процесінде онлайн-курстар әзірлеу және оларды жүйелі пайдалану жөніндегі ұсынымдар COVID-2019 вирустық инфекциясының таралуына байланысты ерекше өзектілікке ие болды.

Трансшекаралық аккредиттеу

2019-2023 жылдарға арналған IAAR даму стратегиясына сәйкес Агентство алдына аккредиттеу рәсімдерінің сапасын арттыру, географиясын кеңейту және жетілдіру арқылы аккредиттеу қызметтерінің халықаралық нарығындағы IAAR позицияларын күшейту міндеті қойылды.

Трансшекаралық аккредиттеуді жүргізу кезінде IAAR ENQA-ның «Трансшекаралық жоғары білім саласындағы ынтымақтастық: сапаны қамтамасыз ету агенттіктері үшін инструментарий» және «Трансшекаралық жоғары білімде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылық принциптері (ЮНЕСКО және ЭЫДҰ)» деп аталатын құжаттардың қағидаттары мен ережелерін ескереді. Халықаралық аккредиттеуді жүргізу кезінде IAAR сыртқы бағалау рәсімдерінің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі еуропалық желілердің талаптарына, ESG стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ шет мемлекеттердің білім саласындағы Уәкілетті органдар белгілеген ережелер мен тәртіптерді сақтайды.

Сыртқы сапа бағалаудың негізгі құралы 2018 жылғы 25.05.2018 жылғы IAAR №68/1-18-ОД бұйрығына сәйкес бекітілген және

қолданысқа енгізілген «Шетелдік білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)» болып табылады.

2020 жылы IAAR аккредиттеу қызметінің шекаралары географиялық тұрғыдан кеңейді: алғаш рет Румыния мен Украина жоғары оқу орындары аккредиттелді. Халықаралық институционалдық аккредиттеу шеңберінде IAAR 4 шетелдік жоғары оқу орнының (Қырғыз Республикасы, Румыния, Украина) сапасына сыртқы бағалау жүргізді. 8 шетелдік жоғары оқу орнының 36 білім беру бағдарламасы IAAR халықаралық бағдарламалық аккредиттеуден өтті.

Қырғыз Республикасындағы IAAR халықаралық аккредиттеуі.

ҚР жоғары оқу орындарының білім беру ұйымы мен негізгі білім беру бағдарламасының халықаралық аккредиттеуі ҚР құжаттарында, атап айтқанда «Аккредиттеу органдарын тану тәртібі», «Білім беру ұйымдары мен бағдарламаларды аккредиттеу тәртібі» (ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 670 қаулысы) және мемлекеттің заңнамалық талаптарын ескере отырып ESG негізінде ҚР жоғары оқу орындары үшін әзірленген IAAR халықаралық институционалдық, бағдарламалық және бастапқы бағдарламалық аккредиттеу шеңберіндегі бекітілген стандарттар мен нұсқаулықтарда белгіленген ережелерге сәйкес жүргізіледі. Жалпы 2020 жылы 1 Қырғызстан жоғары оқу орны — Б.Осмонов атындағы Жалал-Абад мемлекеттік университеті (3 жылға) институционалдық аккредиттеуден өтті, ал мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуден — 27 БББ өтті. Қырғызстанның үш білім беру ұйымының 27 БББ-сін бағалау қорытындысы бойынша ВЭК есептерін талдау қарастырылған БББ-ны әзірлеу, іске асыру, бағалау және мониторинг жүргізудің оң тәжірибесінің болуын көрсетті. БО-ны сыртқы бағалаудың нәтижесі <https://iaar.agency/reports/vek-reports> сайтында жарияланды.

Тәжікстан Республикасындағы IAAR халықаралық аккредиттеуі.

Тәжікстан Республикасы ЖОО-ларының және бакалавриат, магистратура мен PhD деңгейлерінің білім беру бағдарламаларының сапасы халықаралық аккредиттеу шеңберінде IAAR 2018 жылы қолданысқа енгізген шетелдік білім беру ұйымдарын және білім беру бағдарламаларын аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулықтарға (ESG негізінде) сәйкес айқындалады. 2019 жылғы 13 мамырдағы Тәжікстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен жасалған халықаралық Келісімге сәйкес IAAR қызметі Тәжікстан аумағында танылады.

2020 жылы Тәжік мемлекеттік қаржы-экономика университетінің 3 БББ және Тәжікстан Технологиялық университетінің 3 БББ IAAR аккредиттеуінен өтті. Тәжік мемлекеттік қаржы-экономика университетінің барлық БББ 3 жылға аккредиттелді, ал Тәжікстан Технологиялық университетінің БББ 3 және 5 жылға аккредиттелді.

Ресей Федерациясындағы IAAR халықаралық аккредиттеуі.

2019 жылғы 6 мамырдағы ФМБМ «Росаккредагентство» мен жасалған «Жоғары білім сапасын бағалау және білім беру бағдарламаларын аккредиттеу мақсатында ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы Келісімге» сәйкес IAAR-дың халықаралық аккредиттеуі РФ аумағында танылады. 2020 жылы IAAR 3 ресейлік федералдық жоғары оқу орнының — Пятигорск мемлекеттік университетінің (3 БББ), Шешен мемлекеттік университетінің (6 БББ) және Ингуш мемлекеттік университетінің (3 БББ) — халықаралық бағдарламалық аккредиттеуін жүргізді. IAAR ВЭК стандарттардың өлшемшарттарына БББ-нің сәйкестік деңгейлері бойынша қорытындылар дайындады, олардың негіздемесі аккредиттеу рәсімдері нәтижелері бойынша есептерде баяндалды.

Румыния мен Украинадағы IAAR халықаралық аккредиттеуі.

Агентство Болон процесінің қағидаттарын және халықаралық аккредиттеу тәжірибесін, жоғары білім беру саласындағы ұлттық заңнаманы ескеретін, сондай-ақ ESG және WFME стандарттарымен байланысты «IAAR шетелде медициналық білім беру ұйымдарын халықаралық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулықтарға (WFME/AMSE негізінде)» сәйкес Румыния мен Украинада халықаралық аккредиттеу жүргізеді.

2020 жылы IAAR «Григоре Т. Попа» Медицина және фармация университетінің (University of medicine and pharmacy «Grigore T. Popa» from Iași, Румыния) институционалдық аккредиттеуін және Харьков халықаралық медицина университеті мен Харьков ұлттық медицина университетінің (Украина) институционалдық аккредиттеуін жүргізді.

Осылайша, IAAR аккредиттеу қызметтерінің халықаралық нарығындағы жоғары бәсекеге қабілеттілікті көрсете отырып, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей, Румыния, Молдова жоғары оқу орындарының, ал 2020 жылдан бастап Украина жоғары оқу орындарының халықаралық аккредиттеуін сәтті жүргізуде.

1.2 Ұлттық және шетелдік сарапшылардың сапалы әлеуетін кеңейту және арттыру

IAAR өзінің миссиясы мен стратегиялық мақсаттарын басшылыққа ала отырып, жоғары білімнің сыртқы сапасын қамтамасыз ету рәсімдерінің түпкілікті мақсаттарына қол жеткізуде ұлттық және сыртқы сарапшыларға маңызды рөл бөледі. IAAR сараптамалық әлеуеті 2020 жылдың соңына қарай 31 елдің академиялық қоғамдастығының 3500-ден астам өкілін қамтиды. IAAR шетелдік аккредиттеу агенттіктерімен сарапшылармен өзара алмасуды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыра отырып, белсенді ынтымақтастық жасайды. 2012 жылдан бастап IAAR комиссияларына ASIIN, ACQUIN, FIBAA, WFME, AIC, ANACEC, Росаккредагентство сарапшылары, Ұлыбритания, Германия, Франция, Түркия, Польша, Чехия, Эстония, Латвия, Литва, Украина, Болгария, Беларусь, Қырғызстан және т.б. елдердің шетелдік БО өкілдері қатысты.

Шетелдік сарапшыларды тарту жөніндегі іс-шараларды іске асыру шеңберінде ФМБМ «Росаккредагентство» (Ресей Федерациясы, директор Измайлова Л.С.) IAAR сыртқы комиссияларының құрамына А.В. Томьяров, т.ғ.к., Ульяновск мемлекеттік техникалық университеті, Т.А. Табишев, п.ғ.к., доцент, Х.М. Бербеков атындағы «Кабардино-Балкар мемлекеттік университеті» ЖББМ-нің бірлескен халықаралық білімдік бағдарламалар орталығының жетекшісі және т.б. ұсынды. Қырғызстанның 3 ЖОО-ының негізгі білімдік бағдарламаларын аккредиттеу рәсімдеріне қатысу үшін қырғыз және тәжік жоғары оқу орындарының ПОҚ қатарынан сарапшылар тартылды (К.Қарасаев атындағы Бішкек гуманитарлық университеті, М.Әдышев атындағы Ош технологиялық университеті, Қырғыз-Өзбек университеті, Тәжік мемлекеттік коммерция университеті).

Студенттер мен жұмыс берушілердің білім сапасын қамтамасыз етудегі рөлі мен мүмкіндіктерін арттыруға мүдделілік танытқан IAAR оларды БББ бағалауына және шешімдер қабылдау процесіне тартады. 2020 жылы қырғыз жоғары оқу орындарын аккредиттеу рәсімдеріне 3 жұмыс беруші және 3 студент (К.Қарасаев атындағы Бішкек гуманитарлық университеті, Қырғызстан халықаралық университеті, Қырғыз-Өзбек университеті) қатысты. 2019 жылдан бастап IAAR серіктес агенттіктердің ұсынымы бойынша ВЭК Төрағасы ретінде тәжірибелі шетелдік сарапшыны тағайындауды тәжірибеге айналдырды. Шетелдік сарапшылардың төрағалығымен 10-нан астам ВЭК визиті ұйымдастырылды және бұл тәжірибені одан әрі жалғастыру жоспарлануда.

БО және/немесе БББ-ны сапалы бағалауды жүргізу үшін IAAR басшылығы сарапшыларды іріктеуге және дайындауға ерекше назар аударады. IAAR сыртқы сарапшысының сараптамалық қызметін реттеу жөніндегі Ережеде сарапшылардың әр санаты үшін іріктеу талаптары мен өлшемшарттары белгіленген. IAAR трансшекаралық мүмкіндіктерін кеңейту жолымен ағылшын тілін білетін ұлттық сарапшылар базасын кеңейту жұмысын жүргізуде.

Сарапшыларды оқыту және дайындау сыртқы сарапшыларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі Ережеге сәйкес жүзеге асырылады. Сапаны бағалау бойынша сарапшы үміткерлерінің құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында IAAR 2 деңгейлі даярлаудың оқыту семинарларын өткізеді. 2-деңгей тапсырмаларын сәтті орындаған үміткер сарапшылар базасына енгізіліп, санат алады (1, 2, 3). Бұл санаттар агенттікке сарапшыны тарту санын және оның жұмыс сапасын бақылауға мүмкіндік береді.

Жоғары білім жөніндегі Сараптамалық кеңестің ұсынымдарын ескере отырып, 2020 жылға арналған IAAR даму стратегиясын іске асыру жоспарына сәйкес тәуелсіз сарапшыларды кәсіби дамытудың

бағдарламасы іске қосылды, онда жұмыс істеп жатқан және жаңа сарапшылар үшін тоқсанына 1 рет 4 семинар-тренинг өткізу қарастырылған. 2020 жылдың 14 ақпанында Нұр-Сұлтан қаласында жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің БББ сапасын сыртқы бағалау құралдарын қолдану және БББ сапасын бағалау нәтижелерін әзірлеу әдістері бойынша бірінші семинар-тренинг өткізілді.

IAAR сапаны қамтамасыз ету желілері мен серіктес агенттіктер өкілдерінің қатысуымен сарапшыларды кәсіби дамыту бойынша ірі халықаралық семинарларды жыл сайын өткізеді. Атап айтқанда, 2020 жылдың 2-3 наурызында IAAR С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің базасында WFME-нің арнайы кеңесшісі профессор Janet Grant-тың қатысуымен агенттік сарапшыларын (Қазақстан, Қырғызстан) базалық және дипломнан кейінгі медициналық білім бойынша оқыту және даярлау бойынша семинар-тренинг өткізді.

2020 жылдың 29 мамырында IAAR ENQA жобалық менеджері Anna Gover қатысуымен жоғары білімнің ішкі сапасын қамтамасыз ету бойынша халықаралық вебинар өткізді. Вебинар жұмысына 150-ден астам адам — Қазақстан, Ресей, Тәжікстан, Қырғызстан, Молдова, Украина, Өзбекстанның БО мен аккредиттеу агенттіктерінің ПОҚ өкілдері қатысты.

Сараптамалық әлеуеттің сапасын арттыру мақсатында IAAR сарапшылар деректер базасын қалыптастырды және оны сапалы жаңартуды үздіксіз мониторингтеді. 2020 жылы www.iaar.agency сайтында ыңғайлы іздеу жүйесі бар сарапшылардың электрондық базасы толық енгізілді. 2020 жылдың басында IAAR сарапшылар базасы 3500-ден астам сарапшыны құрады, оның ішінде: ұлттық сарапшылар - 1500 адам, шетелдік сарапшылар — 500 адам,

медициналық бағыттағы сарапшылар — 400 адам, жұмыс берушілер — 300 адам, студенттер — 250 адам, ТЖКБ — 1000 адам.

Әзірленген Сараптамалық кеңестер туралы Ережеге сәйкес Агентство сертификатталған сарапшылардың деректер базасынан бағыттар бойынша Сараптамалық кеңестер қалыптастырады. Агентство жекелеген сарапшыларды сапаны бағалау саласындағы қазақстандық және халықаралық іс-шараларда жұмыс жасауға жібереді.

Тәжірибе алмасу мақсатында ұлттық және шетелдік сарапшылар форумдар, конгрестер, конференциялар, дөңгелек үстелдер, workshops және тренингтерді өткізуге белсенді қатысады. IAAR сарапшылары сондай-ақ аккредиттеу және рейтинг рәсімдері бойынша әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеуге белсенді қатысады, IAAR «Education.QA» ғылыми-әдістемелік және ақпараттық журналында мақалалар, талдамалық материалдар жариялайды. IAAR сарапшысының кәсіби қызметі сарапшының этикалық мінез-құлқы мен құзыреттілігін айқындайтын нормативтік құжаттар кешенімен реттеледі. Сапаны қамтамасыз етудің маңызды құралдары аккредиттелген БО мен сертификатталған сарапшылардың жыл сайынғы сауалнамалары болып табылады, олар агенттіктің қызметін үздіксіз жетілдіруге ықпал етеді.

1.3 Агенттіктің персоналды басқару жүйесін жетілдіру

IAAR-дың миссиясы мен стратегиялық даму мақсаттары ұйымдық құрылымды және жобалық тәсілді қолдануды айқындады. IAAR құрылымына мынадай бөлімшелер кіреді: «Медициналық жобалар», «Халықаралық жобалар», «Жоғары оқу орындарын институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жобасы», «ТЖКБ ұйымдарын аккредиттеу жобасы», «Ақпараттық-талдамалық жоба» және т.б., олардың қызметі ҚР заңнамасымен және IAAR ішкі құжаттарымен регламенттеледі. Бақылау кеңесі, Аккредиттеу кеңесі, Апелляциялар мен шағымдарды қарау жөніндегі Комиссия, Ранжирлеу мәселелері жөніндегі Консультациялық кеңес және Қызмет бағыттары бойынша сараптамалық кеңестер жұмыс істейді. Агентстводың жалпы қызметіне Бас директор жетекшілік жасайды.

Тұрақты негізде 19 адам жұмыс істейді. IAAR қызметкерлерінің функционалдық міндеттері мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтар мен жұмыс жоспарларында айқындалған. Коммуникациялар күнделікті өзара іс-қимыл, апталық кеңестер, ішкі аудит арқылы жүзеге асырылады. IAAR бақылаушылары ВЭК-тің әр визитінен кейін анкета толтырады. Мұның бәрі жұмысқа оң ықпал етіп, аккредиттеу рәсімдерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

IAAR өз қызметкерлерінің құзыреттілігін ENQA-ның «Сапаны қамтамасыз ету бойынша кәсіби құзыреттіліктер шеңбері» талаптарына сәйкес арттыруға ұмтылады, онда ENQA мүше агенттіктерінің сапаны қамтамасыз ету және жақсарту мамандарының жалпы негізгі құзыреттіліктері айқындалған. 2019-2023 жж. Адами ресурстарды дамыту жоспарына сәйкес IAAR қызметкерлері кәсіби құзыреттіліктерін жүйелі жетілдіреді, білім және сапаны қамтамасыз ету мәселелері бойынша әртүрлі конференциялар, семинарлар мен форумдарда жұмыс жасайды. 2020 жылдың қазан-желтоқсан

айларында IAAR-дың 8 қызметкері «KUTEL E-COURSE» оқу курсы шеңберінде оқудан өтті. Оқу 2021 жылдың ақпанына дейін жалғасады.

IAAR қызметкерлері халықаралық серіктестер ұйымдастырған әртүрлі вебинарларға қатысу арқылы біліктіліктерін арттырады, оның ішінде: CHEA-CIQG «Дағдарыс кезіндегі жоғары білім сапасын қамтамасыз ету» вебинары, 2020 жылғы 6 мамыр; DEQAR CONNECT — стартовый вебинар күн тәртібі және практикалық ақпарат, 2020 жылғы 11 мамыр; CHEA/CIQG «2020 күзіндегі жоғары білім және сапа: не істеу керек және оны қалай жасаймыз?» вебинары, 2020 жылғы 28 мамыр; CHEA/CIQG «Институционалдық автономияны сақтау және нығайту: сапаны қамтамасыз етудің рөлі» вебинары, 2020 жылғы 16 сәуір және т.б. Қызметкерлерді кәсіби дамыту процесін IAAR басшылығы жоспарлайды және бақылайды.

2. Білім сапасын қамтамасыз етуге мониторинг жүргізу және білімді дамытудың үздік әлемдік тәжірибесін ұлттық жүйелер мен ұйымдарға енгізу

2.1 Аккредиттеуден кейінгі мониторингтің рәсімдері мен ережелерінің сапасын арттыру

Аккредиттеуден кейінгі мониторинг тиісті аккредиттеу түрінің өлшемшарттарына сәйкес аккредиттелген білім беру ұйымы және/немесе білім беру бағдарламаларының сыртқы сараптама комиссиясының ұсынымдарын іске асыруына мониторинг жүргізу мақсатында жүргізіледі. Аккредиттеуден кейінгі мониторинг сапасын арттыру мақсатында 2020 жылы білім беру ұйымдарының және білім беру бағдарламаларының есеп беру нысаны әзірленіп, бекітілді; аккредиттеуден кейінгі мониторинг туралы Ереже қайта қаралды.

Аккредиттелген БО IAAR-ға аккредиттеу куәлігін алған сәттен бастап бүкіл мерзім үшін ВЭК ұсынымдарын іске асыру жұмысы туралы ақпаратты қамтитын аралық есепті жіберіп, аккредиттеу стандарттарына сәйкес БО-дағы барлық өзгерістер туралы ақпаратты қосады. Аккредиттеу кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес аккредиттеуден кейінгі мониторинг нәтижелері бойынша жоғары білім жөніндегі Сараптамалық кеңес Төрағасының есебі тыңдалады.

2020 жылы аккредиттеуден кейінгі мониторинг рәсімінен 49 білім беру ұйымы (БО) өтті, оның ішінде 15 жоғары оқу орны, 29 колледж, 4 қосымша білім беру ұйымы және 1 мектеп институционалдық аккредиттеу шеңберінде. Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу шеңберінде 2020 жылы аккредиттеуден кейінгі мониторингтен 359 БББ өтті, оның ішінде 204 жоғары оқу орындарының БББ және 155 ТЖКБ БББ.

Аккредиттеуден кейінгі мониторинг бойынша Аккредиттеу кеңесі қабылдаған шешімдер туралы ақпарат агенттіктің сайтында орналастырылды. IAAR сайтында 2014-2020 жж. БО және/немесе БББ-ның аккредиттеуден кейінгі мониторингі нәтижелері бойынша Сараптамалық топтардың есептері орналастырылған.

2.2 Білім сапасын қамтамасыз етудің ұлттық жүйелерін жетілдірудегі IAAR аналитикалық әлеуетін арттыру

2019–2023 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру, аккредиттеу рәсімдерін жүргізу сапасын жақсарту және сарапшылардан кері байланыс алу шеңберінде IAAR аналитикалық қызмет жүргізеді және кең жұртшылыққа мынадай әзірленген құжаттар мен материалдарды ұсынады:

- IAAR аккредиттеген БО сауалнамасы нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама жыл сайын жасалады және IAAR ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін қайта қарау және жетілдіру кезінде пайдаланылады. Сауалнаманың мақсаты — БО-ның институционалдық және бағдарламалық аккредиттеу рәсімдерін жүргізуден қанағаттану дәрежесін айқындау, осы рәсімдердің білімдік қызметтердің бәсекеге қабілеттілік деңгейін одан әрі арттыруға ықпалын зерделеу.

- Сарапшылар сауалнамасы нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама. IAAR сарапшыларын жыл сайынғы сауалнамалау ВЭК визиттерін ұйымдастыру жағдайларынан қанағаттану дәрежесін, IAAR қызметкерлерінің жұмысын бағалауды анықтауға бағытталған. 2020 жылы 2018-2019 жылдардағы аккредиттелген БО мен сарапшыларды сауалнамалау нәтижелері бойынша аналитикалық есептер дайындалды.

- ВЭК визитінен кейінгі кері байланыс. Аккредиттеу процесі аяқталғаннан кейін IAAR сарапшылар мен БО-ның қанағаттану

сауалнамасын жүргізеді. Анкеталарды IAAR бақылаушылары да толтырады.

- IAAR ВЭК есептерін кешенді зерделеу мен талдау, сарапшылардың ұсынымдарын талдау, жоғары оқу орындарын дамытудың өзекті мәселелері мен перспективаларын анықтау, сапаны қамтамасыз етудегі жаңа тәсілдерді айқындау мақсатында ВЭК есептерін жыл сайын талдауды жүргізеді. 2020 жылы 28 қазақстандық ЖОО-ның 686 БББ бойынша 2019 жылғы ВЭК есептерін талдау негізінде мониторинг жүргізілді.

Барлық сауалнама түрлерінің талдау нәтижелері Сараптамалық кеңестердің қарауына шығарылады және шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар түрінде Бас директорға ұсынылады.

- Тақырыптық зерттеулер. IAAR 2020 жылы 2019-2020 жылдардағы Тәжікстан Республикасы жоғары оқу орындарының халықаралық аккредиттеуі бойынша талдау жүргізді. 2020 жылы Қырғыз Республикасының білім беру ұйымдарындағы сапа мәдениетін ілгерілету жөніндегі IAAR қызметі туралы есеп әзірленді. ҚР БҒМ талаптарына сәйкес «Аккредиттелген ұйымдар мен бағдарламалардың тізілімі» есеп беру нысанына сәйкес 2020 жылғы 17 маусымда БО мен БББ-ның аккредиттеу мәртебесі туралы өзекті ақпарат дайындалып, ұсынылды.

- IAAR қызметі туралы жыл сайынғы есеп IAAR қызметінің барлық бағыттары бойынша ақпаратты қамтиды және Бақылау кеңесіне ұсынылады.

- 2020 жылға арналған IAAR стратегиясын іске асыру жоспарына сәйкес білім мен ғылым саласындағы уәкілетті орган үшін IAAR қызметі туралы есеп дайындалды.

Жоғарыда аталған барлық аналитикалық материалдар мен есептер кең жұртшылықтың ашық қол жеткізуін қамтамасыз ету

мақсатында IAAR сайтында (<http://iaar.kz/en/about/iaar-reports/analytical-reports>) орналастырылған.

Осылайша, білім сапасын қамтамасыз ету саласындағы үздік тәжірибені жинақтау және даму үрдістерін анықтау үшін IAAR мақсатты аналитикалық жұмыс жүргізеді, оның нәтижелерін ұлттық та, халықаралық деңгейде де мүдделі стейкхолдерлер пайдаланады.

3. Жоғары білім саласында рейтингтік зерттеулер жүргізу

IAAR 2014 жылдан бастап Қазақстан Республикасында, 2018 жылдан бастап Қырғыз Республикасында рейтингтік зерттеулер жүргізеді, ал 2020 жылдан бастап IAAR EUR халықаралық рейтингін өткізеді. IAAR рейтинг жүйесі 2019 жылы IREG Observatory сыртқы аудитінен өтті, ал 2020 жылы «IREG Approved» жоғары тануын алды (<https://ireg-observatory.org/en/initiatives/ranking-seal-of-approval/>).

IAAR Жарғысына сәйкес рейтингтік зерттеулер аккредиттеу процесінен тәуелсіз жүргізіледі және оның нәтижелеріне ықпал етпейді. Ранжирлеу мәселелері жөніндегі Консультациялық кеңес жұмыс істейді, оның қызметі «IAAR ранжирлеу мәселелері жөніндегі Консультациялық кеңес туралы» Ережемен регламенттеледі.

3.1 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы рейтингтік зерттеулердің шекарасын кеңейту

2014-2020 жылдар ішінде ранжирлеуді жүргізу әдіснамасы жетілдіріліп, рейтинг жүргізілетін бағдарламалық өнім жаңартылды, қатысушылар саны айтарлықтай өсті.

IAAR 2020 жылдың ақпан-мамыр айларында 91 ЖОО мен 1939 БББ қатысқан «Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының ұлттық сұранысқа ие болу рейтингі – 2020» жыл сайынғы рейтингтік зерттеуін өткізді. Қазақстандық ЖОО-лар арасында 2020 жылы бірінші орынды Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті алды, 2-орында — С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, 3-орында — «столицасыз» ЖОО-лар арасындағы үздіктер болып «К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті» мен «Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті» тұрды.

IAAR рейтингінің 2014 жылдан 2020 жылға дейінгі нәтижелерін талдау ПОҚ жариялым белсенділігінің өсуі, шетелдік серіктес ЖОО-лармен бірлескен БББ санының артуы, жоғары оқу орындарының интернационализация деңгейінің жоғарылауы сияқты оң үрдістерді көрсетеді. Осы өлшемшарттар бойынша жоғары нәтижелер ел жоғары оқу орындарына IAAR жүргізетін Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының ұлттық сұранысқа ие болу рейтингінің ТОП-20-ына кіру мүмкіндігін берді.

IAAR Қырғыз Республикасында да рейтингтік зерттеулер жүргізеді. «Қырғыз Республикасы ЖОО-ларының тәуелсіз рейтингі – 2020» рейтингіне бакалавриат (мамандық) бойынша 174 бағдарлама және магистратура бойынша 46 бағдарлама бойынша ел жоғары оқу орындарының 25-і қатысты, бұл бұрынғы жылдармен салыстырғанда 4 есеге артық. Ұпайлар саны бойынша көшбасшылар Ош мемлекеттік университеті, И. Ахунбаев атындағы Қырғыз мемлекеттік медицина академиясы, Халықаралық медицина жоғары мектебі, Н.Исанов атындағы Қырғыз мемлекеттік құрылыс, көлік және архитектура университеті, Жалал-Абад мемлекеттік университеті, Ж. Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университеті болды. БББ ранжирлеу нәтижелерін талдау жоғары оқу орындарындағы талантты студенттердің шоғырлануы, білім мен академиялық мобильность интернационализация деңгейі, ПОҚ ғылыми жарияланымдарының бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерінің жоғарылағанын көрсетеді.

2020 жылы IAAR алғаш рет Ресей, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Молдова жоғары оқу орындары қатысқан «IAAR Eurasian University Ranking (IAAR-EUR)» халықаралық рейтингін өткізді, бұл «IAAR Eurasian University Ranking (IAAR-EUR)» рейтингінің академиялық қоғамдастықпен халықаралық тануылуын куәландырады. Рейтингке 55 өтінім берілді, бірақ қалыптасқан жағдайға, көп елдерде ТЖ мен локдаунның жариялануына байланысты

жекелеген жоғары оқу орындары қатыса алмады. «IAAR Eurasian University Ranking (IAAR-EUR) – 2020» халықаралық рейтингінің нәтижелері www.ireg-observatory.org және www.iaar.agency.kz сайттарында жарияланды.

«IAAR Eurasian University Ranking (IAAR-EUR) - 2020» халықаралық рейтингінде бірінші орынды Ресей Федерациясы Үкіметі жанындағы Қаржы университеті алды. Үштіктің қатарына Томск мемлекеттік басқару жүйелері мен радиоэлектроника университеті мен Кемерово мемлекеттік университеті кірді. Төртінші орынды Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, бесінші орынды Н. Тестемицану атындағы Мемлекеттік Медицина және Фармация Университеті алды.

Рейтингтердің негізгі мақсатты топтары абитуриенттер, жұмыс берушілер, БО, мемлекеттік және халықаралық ұйымдар өкілдері және т.б. болып табылады. IAAR рейтингтері ең негізделген және ұтымды таңдау жасау үшін болашақ тұтынушыларды ақпаратпен қамтамасыз етеді; жоғары оқу орындарына халықаралық талаптарға сәйкес дамуға мүмкіндік береді және олардың жаһандық білімдік кеңістікке шығуына ықпал етеді.

3.2 Рейтингітік зерттеулер әдіснамасын жетілдіру және рейтинг нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ету

«IAAR Eurasian University Ranking (IAAR-EUR)» халықаралық рейтингінің әдіснамасы Берлин қағидаттарын сақтауға негізделген, Webometrics элементтері бар цифрлық технологияларды пайдалана отырып арнайы әзірленген әдіснама негізінде жүргізіледі. Бұл рейтинг бағалаудың 4-тен 6-ға дейін параметрін қарастыратын төрт индикаторды қамтиды. ЖОО қызметін бейнелейтін индикаторлар отандық және халықаралық ақпараттық ресурстардың деректер базасынан бағдарламада талданады. Жоғары оқу орындары жетістіктері туралы ақпаратты өздері енгізеді және көрсеткіштерді объективті толтыру үшін жауапкершілік арқалайды.

Қазақстан жоғары оқу орындарын жаһандық рейтингтерге ілгерілету және білім сапасын арттыру мақсатында ҚР ЖОО-ларының тәуелсіз сұранысқа ие болу рейтингінің бағалау әдіснамасы белгілі халықаралық ұйымдардың ЖОО бағалау жүйесіне барынша жақындатылған. Рейтингтің барлық өлшемшарттары 4 блокпен ұсынылған: Талантты студенттердің, оқытушылардың және зерттеушілердің жоғары шоғырлануы (25%); Академиялық мобильность (25%); Түлектердің бәсекеге қабілеттілігі (25%); ПОҚ-тың, магистранттар мен докторанттардың ғылыми жарияланымдарының бәсекеге қабілеттілігі (25%).

2020 жылы Қазақстандағы IAAR ЖОО сұранысқа ие болу рейтингтік зерттеуінің ерекшелігі ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімімен кадрларды даярлаудың классификаторына сәйкес деңгейлер бойынша (бакалавр, магистратура, докторантура) топтар, бағыттар, салалар бойынша БББ ранжирлеу болып табылады.

Қырғыз Республикасы ЖОО-ларының рейтингі – 2020 білімді дамытудың қазіргі заманғы халықаралық үрдістерін бейнелейді және

ЖОО-ның қызметін мөлдір және кешенді бағалаудың маңызды құралы болып табылады. Қатысушылардың саны мен ранжирленетін БББ-ның саны айтарлықтай өсті. «Қырғыз Республикасы ЖОО-ларының тәуелсіз рейтингі - 2020» нәтижелері www.iaar.agency сайтында және «Кутбілім» республикалық газетінде жарияланды. 2020 жылдың 17 қыркүйегінде Ош мемлекеттік университетінің базасында «Цифрлық университет» конференциясы шеңберінде ІААР «Қырғыз Республикасы ЖОО-ларының тәуелсіз рейтингі 2020» қорытындылары бойынша сертификаттарды тапсырудың салтанатты рәсімі өтті. Қырғызстан Білім және ғылым министрі К. Исаков рейтинг көшбасшыларына сертификаттарды тапсырды. Іс-шара қатысушылары ІААР рейтингі елдің жоғары оқу орындары арасындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталғанын атап өтті.

ІААР стратегиясын іске асыру жоспарына сәйкес Қазақ ұлттық аграрлық университетінің базасында (2020 жылғы 21-22 қаңтар, Алматы қ.) және И. Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік технологиялық университетінің базасында (2020 жылғы 24 қаңтар, Бішкек қ.) БО рейтингі мен ранжирлеуінің әдіснамасы бойынша оқыту семинарлары өткізілді.

ІААР рейтингтері жыл сайын өткізіледі және олардың нәтижелері ҚР мектеп түлектерінің Бірыңғай ұлттық тестілеуін тапсыруға дейін, ҚР мектеп оқушыларының жалпыреспубликалық тестілеуіне дейін мамыр айында жарияланады.

Бағдарламаларды ранжирлеу, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы оң үрдістермен қатар, қоғам мен ұлттық және халықаралық еңбек нарықтары қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған кадрларды даярлаудың ұлттық жүйелерін дамытудың түзету және/немесе стратегиялық міндеттерді қайта қарауды талап ететін бағыттарын көруге мүмкіндік береді.

4. Қоғамды уақтылы хабардар ету және кері байланысты дамыту

4.1 Сапа бағалаудың нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ету деңгейін арттыру

БО/БББ сыртқы бағалаудың нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ету мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі: ВЭК есептері мен АК шешімдерін IAAR сайтында жариялау; семинарлар, семинар-тренингтер, онлайн конференциялар, «дөңгелек үстелдер» және сапаны қамтамасыз ету жөніндегі жыл сайынғы Орталық Азиялық форумды өткізу; ҚР БҒМ мен жоғары оқу орындарының диалогтық алаңдарына қатысу; халықаралық желілер мен шетелдік серіктестер өткізетін конференциялар мен форумдарға қатысу; IAAR сыртқы бағалауының тиімділігі туралы материалдарды «Education. Quality Assurance» ғылыми-ақпараттық журналында жариялау; БАҚ-та, ғылыми басылымдарда сөйлеу, сұхбат беру және мақалалар жариялау; IAAR сайтында ақпарат пен жаңалықтар лентасын жариялау.

IAAR жұртшылықты хабардар ету мүддесінде сайтта Агентство қызметінің барлық негізгі бағыттары, нормативтік құжаттардағы өзгерістер, сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі және т.б. туралы ақпаратты орналастырады. 2020 жылдың қаңтар-ақпанында ВЭК есептерін, ВЭК құрамын және Аккредиттеу кеңесі шешімдерін қоса алғанда, материалдарды IAAR-дың жаңа сайтының мазмұнды контентіне енгізу жұмысы жүргізілді (2020 жылдың басында IAAR-дың жаңа сайты www.iaar.agency іске қосылды). 2020 жылдың 1 тоқсанында Аккредиттелген БО мен БББ тізілімін белсенді толтыру, сондай-ақ әртүрлі бөлімдер бойынша ақпаратты жаңарту жүргізілді. IAAR қызметінің нәтижелері аккредиттеудің барлық процестері мен рәсімдерін қамтитын жыл сайынғы аналитикалық есептерде де бейнеленеді.

Халықаралық аккредиттеу мен рейтингтерді жүргізу бойынша IAAR қызметі туралы ақпарат әлеуметтік желілерде, ұлттық және шетелдік БАҚ-та, ҚР мен шет мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының, университеттері мен халықаралық ұйымдарының ресми ресурстарында бейнеленеді, бұл олардың Агентство қызметіне деген сеніміп, оның Қазақстанда да, шетелде де жоғары беделі мен танымалдылығын куәландырады.

Білім сапасын қамтамасыз ету саласындағы үздік отандық және әлемдік тәжірибені жарықтандыру мақсатында IAAR мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде «Education. Quality Assurance» ғылыми-ақпараттық журналын шығарады, өзінің <http://iaar-education.kz/> сайты бар. Журналды таратуды кеңейту мақсатында 2020 жылы АҚ «Қазпошта» мен «Express Press Astana» ЖШС-мен шарт ұзартылды және «Эврика-Пресс» ЖШС-мен шарт жасалды. Журнал тоқсан сайын шығарылады және Қазақстан Республикасының аумағында да, шетелде де таратылады.

2020 жыл ішінде «Education. Quality Assurance» журналында білім сапасын қамтамасыз ету және халықаралық аккредиттеу мәселелеріне арналған 43 мақала мен 2 сұхбат жарияланды, оның ішінде 12 мақала шетелдік авторлармен жарияланды: Ресей Федерациясынан — 5, Украинадан — 3, Тәжікстан Республикасынан — 2 және Грециядан — 2, бір мақала Қазақстан студенттер Альянсы өкілінің қаламынан шықты. 2020 жылдың бірінші шығарылымында Болон процесі және академиялық мобильность орталығының Қазақстан Республикасы жоғары білімін интернационализациялау стратегиясының жобасы 2025 жылға дейін жарияланды.

2020 жылы IAAR сайтының жаңалықтар лентасында ақпараты жарияланатын вебинарлар, семинарлар, workshop, конференциялар мен форумдарды ұйымдастыру және оларға қатысу жолымен агентстводың білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің

нәтижелері мен маңыздылығына жұртшылықтың назарын кеңінен аудару бойынша белсенді жұмыс жүргізілді.

4.2 IAAR қызметінің тиімділігін арттыру және кері байланысты дамыту

IAAR стратегиялық мақсаттарға жетуде және қызметтер тұтынушыларының қанағаттану дәрежесін айқындауда жұмыскерлерді де, стейкхолдерлерді де толық тарту үшін ішкі ортаны қалыптастырады. IAAR 2019-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясында жыл сайынғы жұмыс жоспарларын дайындау үшін негіз болып табылатын миссияны, пайымды, стратегиялық мақсаттарды айқындады. Тұтынушылармен жұмыс сапа саласындағы Саясатқа сәйкес олардың талаптарын қанағаттандыруға бағытталған және кері байланыс пен өзара тиімді серіктестік қағидаттарына негізделген.

IAAR қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі (бұдан әрі — ІСҚЖ) әзірленген, құжатталған, енгізілген және жұмыс жағдайында ұсталып отырады. 2020 жылдың маусым айында ішкі және сыртқы орта өзгерістерін ескере отырып сапа саясаты мен ІСҚЖ жөніндегі Нұсқаулық жаңартылды.

IAAR алқалы органдар мен сарапшылардың қатысуымен ІСҚЖ-ны жетілдіру, сыртқы және ішкі кері байланыс механизмдерін әзірлеу бойынша үздіксіз жұмыс жүргізеді, белсенді қызметкерлер мен сарапшылардан жұмыс топтары жұмысын ұйымдастырады. Алқалы органдар мүшелері мен қызметкерлер IAAR маңызды нормативтік құжаттарын талқылауға үнемі қатысады, агентстводың қызметін жетілдіру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар жасайды.

IAAR тиімді жұмысты қамтамасыз ету үшін ішкі аудит, негізгі стейкхолдерлерді сауалнамалаудың, аналитикалық есептердің, ВЭК

есептерін талдаудың және т.б. нәтижелерін пайдаланады. 2020 жылғы ішкі тексеру нәтижелері бойынша түзету іс-шаралары жоспарына орындалған 6 ұсыным енгізілді. Түзету іс-шаралары жоспарына сәйкес қызмет бағыттарының әрқайсысы бойынша стандарттар мен нұсқаулықтар шеңберіндегі өзін-өзі бағалау есебінің нысаны, ішкі аудит жөніндегі жұмыс тобының тексеру нысаны; ВЭЖ ұсынымдары бойынша жоғары оқу орнының аккредиттеуден кейінгі мониторинг есептерін жазуға қойылатын талаптар нысаны әзірленді.

Ішкі тексеру нәтижелері операциялық қызметте де, IAAR-дың жыл сайынғы даму жоспарларын әзірлеу кезінде де ескеріледі.

IAAR стейкхолдерлермен байланысты процестердің жұмыс жасауын қамтамасыз етеді, өнімі мен қызметтеріне қатысты стейкхолдерлер пікірлерін зерделеу жөніндегі іс-шараларды жүйелі жүргізеді. Білім беру ұйымдарын және сарапшыларды сауалнамалаудың талдау нәтижелері IAAR сайтында «Аналитикалық есептер» бөлімінде жарияланады.

IAAR өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік емес және қоғамдық ұйымдармен, халықаралық серіктестермен, елдердің білім саласындағы уәкілетті органдарымен сындарлы ынтымақтастық жасайды. IAAR жыл сайын өз қызметі туралы есепті жіберіп, тұрақты негізде ҚР БҒМ-ге, ҚР БҒМ-ге, ҚР Ұлттық аккредиттеу кеңесіне және ТР БҒМ-ге аккредиттелген БО және/немесе БББ туралы (олардың талаптарына сәйкес) хабарлайды.

2019-2023 жылдарға арналған IAAR даму стратегиясына сәйкес ұлттық та, халықаралық деңгейде де IAAR-дың сапасын мерзімді сыртқы бағалауы қарастырылған. 2020 жылы IAAR өз сапа саясаты мен ESG сәйкестігі бойынша қызметін талдау мақсатында ENQA-ның қайталама бағалауынан өтуге және EQAR-ға кіруге өтінім берді. 2020 жылдың сәуірінен қазанына дейін IAAR-дың ESG сәйкестігі бойынша өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілді, өзін-өзі бағалау есебі дайындалды,

ол IAAR қызметін талдауға және сыни бағалауға, оның даму перспективаларын айқындауға мүмкіндік берді.

IAAR қызметінің маңызды бағыты ұлттық серіктестермен — мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен, саяси партиялармен және қоғамдық бірлестіктермен сындарлы ынтымақтастық болып табылады. 2020 жылы IAAR өкілдері ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Б. Сапарбаевтың қатысуымен өткен ҚР Білім және ғылым министрлігінің кеңейтілген алқа отырысының жұмысына (2020 жылдың 31 қаңтары) 2020 жылға білімді және ғылымды дамыту мәселелері бойынша; «Аймақтық жаһандық: Қазақстан Болон процесі мен ЕО жобаларында» онлайн-форумының жұмысына (2020 жылдың 21 қазаны) қатысты, онда IAAR Бас директоры А. Жұмағұлова «Болон процесінің қағидаттары мен ESG стандарттарын іске асыру шеңберіндегі IAAR халықаралық аккредиттеуі» тақырыбында баяндама жасады, халықаралық аккредиттеу қағидаттары мен Агентство жетістіктері туралы айтты.

2020 жылы IAAR «Қазақстан студенттер Альянсы» Республикалық студенттік қозғалысымен (2019 жылғы 19 сәуірдегі) Меморандумға сәйкес ЖОО мен колледждер студенттерін IAAR алқалы органдарына және сараптамалық комиссиялардың құрамына кеңінен тартты. Студенттер IAAR қызметінің әртүрлі бағыттарына: агентстводың ішкі сапасын қамтамасыз ету бойынша IAAR құжаттамасы мен әдіснамасын әзірлеу және қайта қарастан бастап аккредиттеу рәсімдерін өткізуге және шешімдер қабылдауға дейін белсенді қатысты. 2020 жылы IAAR 2016-2018 жылдардағы аккредиттеу рәсімі аяқталғаннан кейін студент-сарапшылардың сауалнама деректерін талдады. Сауалнама деректері студент-сарапшылардың ВЭК визитін ұйымдастыруды (89%), IAAR жұмысының жедел желігін (92%), бақылаушылардың жұмысын (96%), төраға (87%) мен академиялық сарапшылардың жұмысын (78%)

жоғары деңгейде бағалағанын көрсетеді. Бұл ретте студент-сарапшылар ВЭК Төрағаларының визит кезінде студенттермен жұмысына көбірек назар аударуын қажет деп санайды. IAAR-дың студент қауымдастығымен жұмысы студенттердің сапаны қамтамасыз ету процестеріне хабардарлығы мен тартылуын және отандық жоғары білім жүйесін жетілдіруді одан әрі арттыруға ықпал етеді.

Осылайша, 2020 жылы IAAR барлық стейкхолдерлермен ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру және кері байланысты дамыту негізінде Агентстводың тиімділігін арттыру, білім беру ұйымдары мен кең жұртшылықты сапаны қамтамасыз ету ұлттық жүйесінің дамуы және жоғары білімнің жалпы үрдістері туралы хабардар ету бойынша үлкен жұмыс жүргізді.

5. IAAR – танылған халықаралық аккредиттеу агенттігі

2019-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясында белгіленген IAAR миссиясы мен пайымын іске асырудың негізгі міндеттерінің бірі — сапаны қамтамасыз ету жөніндегі сенімді серіктес ретінде IAAR-ды ұлттық, еуропалық және халықаралық деңгейлерде тану болып табылады. Бұл стратегиялық міндет IAAR-дың халықаралық алаңдағы белсенді ұстанымы, еуропалық сапа стандарттарына берілгендік, шетелдік үздік тәжірибені зерделеу және енгізу арқылы жүзеге асырылады.

5.1 IAAR-дың халықаралық тану мен беделін нығайту және кеңейту

Агентство жоғары білім саласындағы тану алған әлемдік сапа агенттіктерімен өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізеді, 23 серіктес ұйыммен екіжақты ынтымақтастық туралы келісімдерге (меморандумдарға) қол қойылды. IAAR негізгі халықаралық және өңірлік сапаны қамтамасыз ету желілерімен таныла отырып:

IAAR сыртқы тексеру мен жүргізілген аудит нәтижелері бойынша танылды және жоғары білімде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық тізіліммен (EQAR), Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясымен (WFME) қатар 2020 жылдан бастап 5 жылға білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Азиялық-Тынық мұхиттық тізіліміне (APQR) кіреді.

IAAR жоғары білімде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық қауымдастықпен (ENQA) белсенді ынтымақтастық жасайды. IAAR Бас директоры А. Жұмағұлова 2020 жылдың 22 қазанында ENQA Бас Ассамблеясының жұмысына қатысты. IAAR

басшылығы сондай-ақ COVID-19-ға берілетін стратегиялық жауапқа арналған агенттік басшыларына арналған ENQA вебинарына (2020 жылдың 20 мамыры) және COVID-19 кезіндегі онлайн-визит пен сыртқы сапаны қамтамасыз етуге арналған ENQA вебинарына (2020 жылдың 16 маусымы) қатысты.

2020 жылы IAAR ESG сәйкестігі бойынша өз қызметін талдау мақсатында ENQA қайталама бағалауынан өтуге және EQAR-ға кіруге өтінім берді. 2020 жылдың сәуірінен қазанына дейін IAAR қызметінің Еуропалық жоғары білім кеңістігінің Стандарттары мен нұсқаулықтарына (ESG) сәйкестігі бойынша өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілді. Жұмыс тобы өзін-өзі бағалау есебін дайындады, ол 2020 жылдың қарашасында ENQA-ға жіберілді. 2021 жылы ENQA сарапшыларының визиті күтілуде.

WFME талаптарына сәйкес IAAR 2021 жылдың наурызында 2020 жыл үшін WFME сарапшыларының ұсынымдарын орындау туралы IAAR жыл сайынғы есебін дайындап, жіберетін болады. 2020 жылдың 24 маусымында IAAR өкілдері WFME «2020 пандемиясының аккредиттеуге және медициналық білімнің тәжірибесіне ықпалы: ДМББФ перспективалары» Интернет-семинарының жұмысына қатысты.

IAAR IREG Observatory on Academic Ranking and Excellence халықаралық аудитінен сәтті өтіп, 2020 жылдың қаңтарында «IREG Approved» («IREG мақұлдаған») белгісін алды. IAAR IREG мүшесі ретінде академиялық рейтингтердің трансформациясы, COVID-19 пандемиясының университеттерді дамытуға ықпалы мәселелері талқыланған IREG Пекин конференциясы 2020 (2020 жылдың 20-21 қазаны) жұмысына қатысты.

2020 жылы IAAR INQAANE (жоғары білімде сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің Халықаралық желісі) мүшесі ретінде оның маңызды іс-шараларына — «COVID-19 жағдайындағы және одан

тыс жоғары білімдегі қол жетімділік, жетістіктер мен проблемалар: ұлттық/университеттік басқарудың тәуекелдерді азайтудағы және сапаны қамтамасыз етудегі рөлі» (2020 жылдың 8 шілдесі), «Онлайн бағалау: үздік тәжірибе және практикалық шешімдер» (2020 жылдың 23 маусымы), «Сапаны қамтамасыз ету мен онлайн-ресурстардың жаңа шындығы: жаһандық масштабтағы INQAАHE рөлі туралы ойлар» (2020 жылдың 14 шілдесі) вебинарларына және INQAАHE «Сапа, құзыреттіліктер мен оқыту нәтижелері: Z ұрпағының жұмыспен қамтылуына дайындық» форумына белсенді қатысты.

2020 жылдың 18-20 қарашасында ЕПББК-2020 елдері Министрлер конференциясының жұмысына қазақстандық делегация құрамында IAAR Бас директоры А. Жұмағұлова қатысты. 2020 жылдың 25 қарашасында ҚР Білім және ғылым министрлігі өткізген ЕПББК-2020 Министрлер конференциясының қорытындыларын талқылауда IAAR Бас директоры А. Жұмағұлова сөйлеп, Рим Коммюникесінің міндеттерінде — алдағы 10 жылдағы жоғары білім жүйесін одан әрі дамытудың бағдарында тоқталды.

2020 жылы IAAR мынадай ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды:

- 2020 жылдың 27 мамырында IAAR Ұлттық жоғары білім сапасын қамтамасыз ету агенттігімен (NAQA, Украина) ынтымақтастық туралы Шартқа қол қойды
- 2020 жылдың 20 шілдесінде IAAR Инновациялық білім орталығымен (Грузия) өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды
- 2020 жылдың 20 қарашасында IAAR «Ресей заңгерлер Қауымдастығының заңтану саласындағы сапа мен біліктілікті бағалау жөніндегі Сараптамалық орталығы» Автономдық коммерциялық емес ұйымымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды (Ресей Федерациясы)

Шетелдік мемлекеттік органдармен серіктестік.

2018 жылдан бастап IAAR Қырғызстан, Тәжікстан, Румыния, Молдова, Өзбекстан және Украинаның Уәкілетті органдарына жоғары білім сапасын қамтамасыз ету шараларын іске асыруда консультациялар беріп, қолдау көрсетуде.

IAAR Еуропа мен Орталық Азия мемлекеттерінің Білім министрліктері, қоғамдық бірлестіктер мен университеттері өткізетін білімдегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі әртүрлі деңгейдегі іс-шаралардың белсенді қатысушысы болып табылады. 2020 жылдың 30 қыркүйегінде Тәжік мемлекеттік құқық, бизнес және саясат университеті ұйымдастырған «Халықаралық аккредиттеу — білім сапасын арттыру факторы» ғылыми-әдістемелік конференциясында IAAR Бас директоры А.Б. Жұмағұлова «Орталық Азия өңіріндегі халықаралық аккредиттеу: тәсілдер мен перспективалар» тақырыбында баяндама жасады. 2020 жылдың 12 қарашасында РАНХиГС ұйымдастырған «Білім беру ұйымдарының халықаралық қызметі білімдік қызметтің сапасын басқарудың тәсілі ретінде» халықаралық семинарда Кеңесші О.А. Яновская сөз сөйледі. Пандемияның жарияланып, көп елдерде шектеу режимінің орнатылуына байланысты IAAR-дың халықаралық іс-шараларға қатысуы негізінен онлайн форматта жүзеге асырылды.

5.2 IAAR халықаралық қызметінің сапасы мен жетістіктерін арттыру

2020 жылы халықаралық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мен нығайту мақсатында IAAR басқа елдерде сапаны қамтамасыз ету саласындағы өз тәжірибесін таратуға ерекше назар аударды. IAAR Қазақстан Республикасында да, шетелде де халықаралық форматта білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі әртүрлі іс-шаралар өткізеді. 2020 жылдың 2 қазанында COVID-19 пандемиясына байланысты онлайн форматта IV Орталық Азиялық Халықаралық Білім сапасын қамтамасыз ету форумы өткізілді. Форум жұмысына 287 адам — Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан, Молдова, Латвия, Украина мен Грециядан ғылыми-педагогикалық қоғамдастық, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар өкілдері, жұмыс берушілер мен студенттер қатысты. Форум Пленарлық отырыс және үш секция жұмысымен ұсынылды: «Білім сапасын қамтамасыз етудің халықаралық тәжірибесі», «Білім сапасының архитектурасы» және «Ғылым мен білімнің интеграциясы: цифрлық дәуірдің жаңа трендтері». Талқылауға арналған негізгі мәселелер еңбек нарығының талаптарына сәйкес жоғары білімнің трансформациясымен, COVID-19 пандемиясы жағдайында БББ іске асырумен, жоғары оқу орындарын трансшекаралық аккредиттеуді жүргізудің заманауи сын-тегеуріндер контексіндегі жаңа тәсілдерімен байланысты болды.

IAAR сапаны қамтамасыз ету желілері мен серіктес агенттіктер өкілдерінің қатысуымен сарапшыларды кәсіби дамыту бойынша ірі халықаралық семинарлар өткізеді. Жоғары білімнің сапасын қамтамасыз ету тәжірибесін тарату мақсатында IAAR өкілдері әртүрлі халықаралық семинарлар мен ғылыми конференцияларға қатысты. IAAR Бас директоры А.Б. Жұмағұлова мен кеңесші О.А. Яновская 2020 жылдың қазан-қараша айларында Санкт-Петербург,

Екатеринбург, Смоленск және т.б. қалаларда өткен ғылыми конференцияларға сарапшылар ретінде қатысып, баяндамалар жасады.

Халықаралық зерттеу жобаларына қатысу.

IAAR жоғары білімнің қол жетімділігін кеңейту және интернационализациясын дамыту мақсатында Erasmus+ жобаларын қоса алғанда, жобаларға белсенді қатысады.

2020 жылы IAAR мынадай халықаралық жобаларға қатысты және белсенді қатысуды жалғастыруда:

- «Университет-мемлекет-бизнес ынтымақтастығы арқылы жоғары оқу орындарындағы білім сапасын қамтамасыз ету жүйелерін енгізу (EDUQAS)» жобасы аффилиирленген серіктес ретінде. Жоба 2017 жылдан 2020 жылға дейін жүзеге асырылды.

- 2018 жылдан бастап IAAR «Ілгерілі технологияларды пайдалана отырып оқытудағы сапаны қамтамасыз ету процестерін жетілдіру жөніндегі Қазақстан университеттері (KUTEL)» Erasmus+ жобасына толық серіктес ретінде қатысуда. Жоба 2018 жылдың 15 қарашасынан 2021 жылдың 14 қарашасына дейін жүзеге асырылады. KUTEL жобасы білімді басқару мен менеджментті жаңғыртуға, электрондық оқытудың әлеуетін барынша арттыруға бағытталған.

- 2019 жылдан бастап IAAR «Тұрақты ауыл шаруашылығы мен болашақтың ауыл шаруашылық қызметі жүйелері бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі зерттеулерді жетілдіру (SAGRIS)» Erasmus+ жобасына қатысуда. Жоба 2020 жылдың 15 қаңтарынан басталып, 3 жылға есептелген.

- 2019 жылдан бастап IAAR «DEQAR (Enhancing the Coverage and Connectivity of QA in the EHEA through DEQAR (DEQAR CONNECT)) арқылы Еуропалық жоғары білім кеңістігіндегі сапаны қамтамасыз ету қамтамасыз ету қамтамасыз ету мүмкіндігін кеңейту» Erasmus+ жобасына қатысуда. Жоба координаторы — Еуропалық жоғары білім сапасын қамтамасыз ету тізілімі EQAR (the European Quality Assurance

Register for Higher Education EQAR). Жоба 2020 жылдың 1 ақпанынан 2022 жылдың 31 қаңтарына дейін жүзеге асырылады.

2020 жылы Erasmus+ жобасы шеңберінде IAAR өкілдері бірқатар білімдік бағдарламаларды бағалауға, онлайн тренингтерде оқуға, оқу материалдары мен жұмыс пакеттерін дайындауға, модульдерді әзірлеу тәжірибесін алмасуға және т.б. қатысты.

2020 жылдың 20-21 қазанында Қазақстандағы Erasmus+ ЖББЖ жобалары нәтижелерінің Көрмесі өтті. IAAR серіктес жобалармен бірге EDUQAS, KUTEL және SAGRIS жобаларының нәтижелерін ұсынды және олардың жеке, институционалдық және ұлттық деңгейлердегі ықпалын, тұрақтылық әлеуетін талқылады. IAAR халықаралық жобалары туралы барлық ақпарат IAAR сайтында жарияланды.

IAAR-дың халықаралық жобаларға қатысуы халықаралық академиялық қоғамдастықпен тығыз өзара іс-қимыл жасауға, ұлттық және шетелдік жоғары оқу орындарымен белсенді жұмыс жасауға мүмкіндік береді, бұл білімдік қызметтердің сапасын қамтамасыз етуге және халықаралық ынтымақтастықтың горизонттарын кеңейтуге оң ықпал етеді.

SWOT-талдау

SWOT-талдау стратегиялық мақсаттардың іске асырылуын бейнелейді және IAAR қызметін жыл сайынғы жоспарлаудың негізі болып табылады (1-кесте).

1-кесте. SWOT-талдау

S (Strenght) - күшті жақтары	W (Weakness) – әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none">- Қазақстанда және шетелде IAAR-дың тануылуы;- IAAR-дың сапаны қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық желілер мен қауымдастықтарға толық мүшелігі;- Шетелде халықаралық аккредиттеу жүргізу;- Шетелдік серіктестермен ынтымақтастық;- IAAR стандарттарын ESG және WFME қайта қаралған стандарттарымен үйлестіру;- IAAR-дың білімді дамыту және сапаны қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық жобаларға қатысуы;- Болон және Турин процестері шеңберінде стейкхолдерлермен, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен ынтымақтастық;	<ul style="list-style-type: none">- Агенттік қызметкерлерінің ағылшын тілін білу деңгейінің жеткіліксіздігі;- Электрондық құжат айналымы жүйесінің жоқтығы;- Жұмыс берушілердің қызығушылығының төмендігіне байланысты олармен кәсіби кері байланыстың жеткіліксіз қамтылуы;- Ранжирлеу технологиясы мүмкіндіктерінің толық пайдаланылмауы;- ТЖКБ бойынша шетелдік агенттіктермен серіктестіктің жеткіліксіз дамуы.

<ul style="list-style-type: none"> - Аккредиттелген ОО және/немесе аккредиттелген БББ ВЭК ұсынымдарының орындалуына мониторинг; - Медициналық және фармацевтикалық білімнің ұлттық аккредиттеу жүйесін дамыту жөніндегі іс-шараларда ДМББФ қолдауы; - IAAR-дың білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық Форумды жыл сайын өткізуі; - IAAR-дың кәсіби ұжымы; - Кең кәсіби және біліктілікті сарапшылар базасының болуы; - IREG аудитінен сәтті өтуі және «IREG APPROVED» мәртебесін алуы; - Қазақстан мен Қырғызстандағы жоғары оқу орындарын рейтингтік зерттеу жүргізу; - IAAR EUR халықаралық рейтингін жүргізу; - Жұртшылықты үнемі және уақтылы хабардар ету; - ІСКЖ жұмысы 	
<p>О (Opportunity) – қолайлы мүмкіндіктер</p>	<p>Т (Threat) – қауіп-қатерлер</p>

<p>- Білім беру саласындағы заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан жоғары оқу орындарының сапасын бағалауда жаңа мүмкіндіктер ашты;</p> <p>- IAAR-дың халықаралық сапаны қамтамасыз ету желілерінің (ENQA, INQAAHE, IREG, APQN, WFME) қолдауы;</p> <p>- Шетелдік жоғары оқу орындары тарапынан IAAR қызметіне қызығушылықтың артуы;</p> <p>- Ұлттық, еуропалық және халықаралық білімдік және зерттеушілік ресурстарға қол жеткізу;</p> <p>- Процестердің тиімділігін жақсартуға көмектесетін ІТ технологияларының болуы мен қолданылуы.</p>	<p>- Елдегі және әлемдегі қаржы-экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы;</p> <p>- Төтенше жағдайлар (эпидемиялар, COVID-19 пандемиясы, техногендік сипаттағы және табиғи апат қауіптері);</p> <p>- Аккредиттеу саласындағы өсіп келе жатқан бәсекелестік (жосықсыз бәсекелестікті қоса алғанда);</p> <p>- Жұмыс берушілердің білім беру ұйымдарының білімдік қызметіне жеткіліксіз белсенділігі.</p>
------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

SWOT-талдау күшті және әлсіз жақтардың, мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлердің өзара іс-қимылын логикалық келісілген схема түрінде тұжырымдауға мүмкіндік берді; IAAR бәсекелік позицияларын күшейтуге мүмкіндік беретін перспективалық және приоритетті даму бағыттарын айқындауға және 2021 жылға арналған IAAR қызметін жоспарлаудың негізіне айналуға мүмкіндік берді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Танылған халықаралық білім сапасын қамтамасыз ету агенттігі ретінде Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі 2020 жыл ішінде Қазақстан Республикасында, Қырғыз Республикасында, Тәжікстан Республикасында, Ресей Федерациясында, Молдовада, Румыния мен Украинада жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, кәсіптік және техникалық, орта білімнің (халықаралық мектептер) сыртқы сапасын қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыс атқарды.

IAAR аккредиттеу түрлері бойынша сыртқы бағалаудың әдіснамасын тұрақты негізде жаңартып отырады; кері байланысты дамыту негізінде БО-ның білімдік қызметіне үздіксіз мониторинг, бағалау және талдау жүргізеді; сапаны қамтамасыз ету мен мәдениет саласындағы үздік тәжірибелерді халықаралық та, ұлттық деңгейде де анықтайды, жинақтайды және таратады; жекелеген білім беру ұйымдарында да, жалпы ұлттық білім жүйелерінде де сапалық институционалдық өзгерістерге ықпал ететін өз қызметі туралы жұртшылықты жүйелі хабардар етеді.

IAAR-дың 2020 жылы білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Азиялық-Тынық мұхиттық тізіліміне (APQR) кіруі, «IREG Approved» белгісін алуы, «IAAR EUR» халықаралық рейтингін жүргізуі, аккредиттеу қызметі шекарасының кеңеюі (алғаш рет Украина жоғары оқу орындарының аккредиттеуі жүргізілді) аккредиттеу қызметтерінің халықаралық нарығындағы IAAR-дың беделі мен ықпалының өсуіне ықпал етіп, танылған халықаралық аккредиттеу агенттігінің мәртебесін растайды.

IAAR халықаралық ынтымақтастығын дамытудың алдағы жылдардағы перспективалары ENQA толық мүшесі мәртебесін қайта алу; EQAR еуропалық тізіліміне қайта кіру; WFME танылған мәртебесін қолдау; IAAR-дың техникалық және кәсіптік білім

бойынша EQAVET халықаралық желісіне кіруі; IAAR-дың инженерлік білімнің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі ENAEE халықаралық еуропалық қауымдастығына мүшелік алуы; Орталық Азиялық және Еуразиялық кеңістіктің сапаны қамтамасыз ету агенттіктері мен білім беру ұйымдарының халықаралық желісін дамыту; халықаралық аккредиттеу жүргізу географиясын одан әрі кеңейту және IAAR-дың білімді және ғылымды дамыту мәселелері бойынша әртүрлі халықаралық жобаларға қатысуы сияқты маңызды міндеттерді шешумен байланысты.